



**Жоғары білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік ережелерін бекіту туралы**

*Күші жойған*

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 19 желтоқсандағы N 638 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2007 жылғы 28 қаңтарда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5115 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 мамырдағы № 230 Бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 2012.05.21 № 230 Бұйрығымен.**

**Қолданушылардың назарына!!!**

**Бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз.**

"Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 5-бабы 11-тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған жоғары білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік ережелері бекітілсін.

2. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаменті (С. Өмірбаев) осы бұйрықты белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге ұсынсын.

3. Қоса беріліп отырған тізбеге сәйкес кейбір бұйрықтардың күші жойылды деп танылсын.

4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау вице-министр К.Н. Шәмшидиноваға жүктелсін.

*Министр*

**" К Е Л І С І Л Д І "**

**Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау министрі**

*2007 жылғы 25 желтоқсан*

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің

## **Жоғары білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгі ережесі 1. Жалпы ережелер**

1. Жоғары білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарына (бұдан әрі - жоғары оқу орындары) жалпы орта, кәсіптік бастауыш (техникалық және кәсіптік), кәсіптік орта (орта білімнен кейінгі) және жоғары білімі бар Қазақстан Республикасының азаматтары, шетел азаматтары және азаматтығы жоқ тұлғалар қабылданады.

2. Жоғары оқу орындарында студенттер контингентін қалыптастыру бюджеттік қаржыландыру мамандар даярлауға мемлекеттік тапсырысты (білім беру гранты) орналастыру, сондай-ақ азаматтардың өз қаражаты мен басқа қаражат көздері есебінен оқуға төлеу арқылы жүзеге асырылады.

Білім беру гранты Қазақстан Республикасының азаматымен бірдей басқа мемлекет азаматы болып табылатын қазақ ұлтының өкілдеріне, Қазақстан Республикасында тұрғылықты тұратын шетел азаматтарына және азаматтығы жоқ тұлғаларға, сондай-ақ Ресей Федерациясының, Беларусь Республикасының, Тәжікстан Республикасының және Қырғыз Республикасының азаматтарына беріледі.

Басқа шетелдік азаматтар және азаматтығы жоқ тұлғалар жоғары оқу орындарына (бұдан әрі - ЖОО) Қазақстан Республикасының заңнамаларында белгіленген, сондай-ақ Қазақстан Республикасында бекітілген халықаралық шарттарға сәйкес қабылданады.

**Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2008.04.18 N 213 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.**

3. Жоғары оқу орындарына азаматтарды қабылдау ұлттық бірыңғай тестілеудің (бұдан әрі - ҰБТ) немесе Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ұлттық тестілеу орталығы (бұдан әрі - ҰТО) әзірлеген технология бойынша өткізілетін кешенді тестілеудің нәтижесі бойынша берілген сертификаттағы балдарға сәйкес конкурстық негізде азаматтардың өтініштері бойынша жүзеге асырылады.

**Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2009.06.05 N 271 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.**

4. ҰБТ ағымдағы жылғы жалпы орта білім беретін ұйымдардың бітірушілері  
ү ш і н ө т к і з і л е д і .

Кешенді тестілеу өткен жылдардағы жалпы орта білім беру ұйымдарының бітірушілері, бастауыш және кәсіптік орта оқу орындарының (техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі) бітірушілері, ҰБТ-ға қатыспаған халықаралық оқушылармен алмасу желісі бойынша шетелде оқыған жалпы білім беретін мектептің бітірушілері, өзбек, ұйғыр және тәжік тілдерінде оқытатын жалпы орта білім беретін мектептің бітірушілері, республикалық музыка мектеп-интернаттарының бітірушілері, сондай-ақ оқу орындарын шетелде бітірген азаматтар үшін өткізіледі.

**Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда, өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008.04.18 N 213 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз), 2011.05.30 № 222(алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін қолданысқа енгізіледі) Бұйрықтарымен.**

5. Азаматтарды ақылы негізде оқуға қабылдауды жоғары оқу орындары жүзеге асырады.

6. Азаматтарды Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетіне, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігіне, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігіне, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесінің комитетіне, Қазақстан Республикасы Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігіне, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігіне ведомстволық бағынысты жоғары оқу орындарына қабылдау 1-қосымшаға сәйкес кешенді тестілеудің немесе ҰБТ сертификатындағы балдарға сәйкес жүргізіледі.

**Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2008.04.18 N 213 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.**

7. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар азаматтарды жоғары оқу орындарына медициналық мамандықтардан басқа ақылы негізде қысқартылған білім беру бағдарламалары бойынша ұқсас мамандықтарға қабылдауды жоғары оқу орындарының қабылдау комиссиялары жүзеге асырады.

Ұқсас мамандықтарға қабылдау бекітілген тізбеге сәйкес өткізіледі.

Кәсіптік жоғары білімі бар (жоғары) азаматтарды жоғары оқу орындарына ақылы негізде қысқартылған мерзімде оқуға қабылдауды жоғары оқу орындарының қабылдау комиссиялары жүзеге асырады.

8. Екі немесе одан көп елдер арасында мемлекетаралық келісімдер бойынша құрылған халықаралық жоғары оқу орындарына мемлекеттік тапсырыс негізінде белгіленген квота бойынша шетел азаматтарын қабылдауды жоғары оқу орындары дербес түрде жүзеге асырады.

Шетел азаматтарын ақылы негізде шетел тілінде оқытуға қабылдау жоғары оқу орындары оқыту тілінде жүргізетін кешенді тестілеудің нәтижесі бойынша жүзеге асырылады.

**Ескерту. 8-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2009.06.05 N 271 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.**

9. Оқу орындарына оқуға қабылдау кезінде "Техникалық және кәсіптік, орта оқу орнынан кейінгі және жоғары білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға түсу кезінде қабылдау квотасын белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 28 наурыздағы N 296 қаулысымен бекітілген қабылдау квотасы белгіленеді.

Ауылдық білім беру ұйымдарын бітірген азаматтар үшін Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарына қабылдау квотасы белгіленген бакалавр және жоғары арнайы білім мамандықтарының тізбесі осы Қабылдаудың үлгі ережесінің 2-қосымшасына сәйкес белгіленеді.

**Ескерту. 9-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2008.04.18 N 213 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.**

10. Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша мемлекеттік құпиялармен жұмыс істеуді талап ететін жоғары білім берудің жекелеген мамандықтары бойынша оқуға қабылдауды ұлттық қауіпсіздік органдарының рұқсаты бар білім беру ұйымдары жүзеге асырады.

11. Азаматтарды арнаулы немесе шығармашылық дайындықты (бұдан былай - шығармашылық мамандықтары) қажет ететін мамандықтарға қабылдау арнаулы немесе шығармашылық емтихандар (бұдан былай - шығармашылық емтихандар) нәтижелерін ескере отырып жүзеге асырылады.

**Ескерту. 11-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2008.04.18 N 213 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.**

12. Кешенді тестілеуге қатысуға өтініштерді қабылдауды 20 маусым мен 9 шілде аралығында жоғары оқу орындарының қабылдау комиссиялары жүргізеді.

Шығармашылық мамандықтарға өтініштерді қабылдауды 20 маусым мен 1 шілде аралығында ЖОО қабылдау комиссиялары жүзеге асырады.

Шығармашылық мамандықтарға түсетін азаматтар тек қана бір шығармашылық мамандықты көрсетеді.

6-тармақта көрсетілген мемлекеттік органдарға ведомстволық бағынысты жоғары оқу орындарына өтініштерді қабылдау мерзімін тиісті мемлекеттік органдар белгілейді.

13. Шығармашылық мамандықтарға түсетін азаматтар өздері таңдаған ЖОО-ның қабылдау комиссиялары өткізетін шығармашылық емтихан тапсырады.

Шығармашылық емтихандар саны - екеу.

Шығармашылық емтихан 2-7 шілде аралығында өткізіледі.

Шығармашылық емтихан бойынша ең жоғарғы балл саны - 25.

Шығармашылық емтихан бойынша 10 балдан төмен алған немесе емтиханға келмеген талапкерлер осы мамандыққа түсу үшін кешенді тестілеуге жіберілмейді.

Шығармашылық емтиханды қайта тапсыруға рұқсат берілмейді.

**Ескерту. 13-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2008.04.18 N 213 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.**

14. Шығармашылық мамандықтарға, сондай-ақ Ұлттық қауіпсіздік комитетіне ведомстволық бағынысты жоғары оқу орындарынан басқа 6-тармақта көрсетілген мемлекеттік органдарға ведомстволық бағынысты жоғары оқу орындарына түсу кезінде өтініштер ЖОО орналасқан жерде қабылданады.

## **2. Кешенді тестілеуді өткізу**

15. Кешенді тестілеу білім беру саласындағы уәкілетті органның бұйрығымен бекітілген тізбеге сәйкес тестілеу өткізу пункттерінің базасында (базалы ЖОО) өткізіледі.

Шығармашылық мамандықтарға түсетін, сондай-ақ 6-тармақта көрсетілген мемлекеттік органдарға ведомстволық бағынысты жоғары оқу орындарына түсетін азаматтарға кешенді тестілеу азаматтың таңдаған ЖОО-ға бекітілген базалы ЖОО-да өтеді.

16. Жергілікті жерде ұйымдастыру және ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу және қоғамдық тәртіпті сақтау үшін талапкерлердің кешенді тестілеуін ұйымдастыру мен өткізу жөнінде мемлекеттік комиссиялар (бұдан әрі - мемлекеттік комиссия) құрылады.

**Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011.05.30 № 222 (алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.**

16-1. Кешенді тестілеуді өткізу технологиясының сақталуын бақылауды жүзеге асыру үшін базалық ЖОО-ға Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің уәкілетті өкілдері (бұдан әрі - Министрлік өкілдері) жіберіледі.

**Ескерту. 16-тармақпен толықтырылды - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011.05.30 № 222 (алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.**

17. Кешенді тестілеуге қатысу үшін азамат жоғары оқу орнының қабылдау комиссиясына белгіленген үлгідегі бланкіде өтінішін, кәсіптік бастауыш (техникалық және кәсіптік) немесе кәсіптік орта (ортадан кейінгі) оқу қажетті ақыны төлегені туралы түбіртек (квитанция), 3x4 көлеміндегі екі фотосуретті, 086-У нысанындағы медициналық анықтаманы, сондай-ақ жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін тапсырады.

18. Кешенді тестілеу 17-23 шілде аралығында өткізіледі.

19. Кешенді тестілеуге келген талапкер куәлігін (төлқұжат) және емтиханға рұқсат қағазын көрсетуі тиіс.

20. Кешенді тестілеу азаматтардың қалауы бойынша қазақ немесе орыс тілдерінде орта білім берудің оқу бағдарламалары көлемінде төрт пән: қазақ немесе орыс тілі (оқу тілі), Қазақстан тарихы, математика және 3-қосымшаға сәйкес талапкердің таңдаған мамандығына байланысты пән бойынша өткізіледі.

**Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2008.04.18 N 213 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.**

21. Әрбір пән бойынша тест тапсырмаларының саны 25. Әрбір тест тапсырмасының дұрыс жауабы бір балмен бағаланады.

Шығармашылық мамандыққа түсуші талапкерлер үшін тестілеудің екі пәні бойынша балдары есептеледі: қазақ немесе орыс тілі және Қазақстан тарихы.

**Ескерту. 21-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2008.04.18 N 213 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз), 2011.05.30 № 222 (алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін қолданысқа енгізіледі) Бұйрықтарымен.**

22. Кешенді тестілеуге 2 сағат 30 минут бөлінеді. Тестілеуді қайта тапсыру р ұ қ с а т е т і л м е й д і .

**Ескерту. 22-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2008.04.18 N 213 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қ а р а ң ы з ) Б ұ й р ы ғ ы м е н .**

22-1. Талапкерге бір орыннан екінші орынға ауысып отыруға, емтихан материалдарын басқа талапкермен ауыстыруға, көшіріп жазуға, оқулықтарды және басқа да әдістемелік әдебиеттерді, байланыс құралдарын (пейджер, ұялы телефон) аудиторияға кіргізуге және пайдалануға рұқсат етілмейді.

**Ескерту. 22-1-тармақпен толықтырылды - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011.05.30 № 222 (алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.**

22-2. Талапкер осы Ереженің 22-1-тармағын бұзған жағдайда Министрлік ө к і л і :

1) осы Ереженің 4-қосымшасына сәйкес нысанда тыйым салынған заттың

тәркіленуі және аудиторияда тәртіп ережелерін бұзған талапкерлерді аудиториядан шығару туралы акт жасайды;

2) тестілеу нәтижелерін жою және талапкерді аудиториядан шығару туралы ш е ш і м қ а б ы л д а й д ы .

**Ескерту. 22-2-тармақпен толықтырылды - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011.05.30 № 222 (алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.**

23. Кешенді тестілеу нәтижелерін өңдеу кешенді тестілеу жүзеге асырылған жоғары оқу орнында өткізіледі.

24. Тестілеу нәтижелерін өңдеу аяқталғаннан кейін дұрыс жауаптар коды і л і н е д і .

**Ескерту. 24-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011.05.30 № 222 (алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.**

25. Сертификаттарды алу үшін өткізілген тест нәтижелерін мемлекеттік комиссия тест сынағы өткізілген күні жариялайды.

26. Кешенді тестілеу нәтижелері бойынша әр қатысушыға белгіленген үлгідегі сертификат толтырылады, оны мемлекеттік комиссия тест сынағы өткеннен кейінгі үш күнтізбелік ішінде береді.

27. Тест тапсырмаларын бағалау кезінде бірыңғай талаптарды сақтауды және даулы мәселелерді шешуді қамтамасыз ету, кешенді тестілеуге қатысушылардың құқығын қорғау мақсатында тестілеу өткізу кезеңінде Апелляцияны қарау жөніндегі республикалық комиссия (бұдан әрі - Республикалық апелляциялық комиссия) және әрбір базалы ЖОО-да апелляциялық комиссия құрылады.

Республикалық апелляциялық комиссия апелляциялық комиссияның талапкерге балдар қосу туралы ұсыныстардың негіздемесін қарайды және соңғы ш е ш і м қ а б ы л д а й д ы .

Апелляциялық комиссия тестілеуге қатысушылардан өтініштер қабылдайды және қарайды, талапкерге балдар қосу туралы Республикалық апелляциялық комиссияға ұсыныс енгізеді және оны апелляцияның қорытындылары туралы х а б а р д а р е т е д і .

Апелляциялық комиссияның негізгі функциялары мен іс-әрекеттері Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2010 жылғы 1 шілдедегі № 350 бұйрығымен бекітілген жоғары білімнің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына қабылдау кезінде құрылатын апелляциялық комиссия туралы ережеге сәйкес жүзеге асырылады.

**Ескерту. 27-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011.05.30 № 222 (алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.**

### 3. Білім беру грантын тағайындау тәртібі

Ескерту. 3-тарау алынып тасталды - ҚР Білім және Ғылым министрінің 2009.06.05 N 271 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

### 4. Жоғары оқу орындарына қабылдау

44. Жоғары оқу орындарының қабылдау комиссиялары студенттер қатарына қабылдауды 10-25 тамыз аралығында өткізеді.

Азаматтар жоғары оқу орындарының қабылдау комиссиясына қабылдау туралы өтінішпен бірге жалпы орта (жалпы орта білім), кәсіптік бастауыш (техникалық және кәсіптік), кәсіптік орта (орта білімнен кейінгі) немесе жоғары білімі (түпнұсқа) туралы құжатын, 3x4 көлеміндегі 6 суретін, 086-У нысанындағы медициналық анықтаманы, ҰБТ немесе кешенді тестілеу сертификаттарын, сондай-ақ білім беру гранты тағайындалғаны туралы куәлігін (ол болған жағдайда) қоса береді.

Ескерту. 44-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2008.04.18 N 213 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

45. Мемлекеттік білім беру грантын алу құқығына ие болғаны туралы куәлік алған азаматтар, куәлікте көрсетілген ЖОО-ға қабылдау туралы өтініш береді және ЖОО ректорының бұйрығымен студенттер қатарына қабылданады.

Шығармашылық мамандық бойынша мемлекеттік білім беру гранттарын тағайындау туралы куәлігі барлар өздері арнайы (шығармашылық) емтихан тапсырған ЖОО-ға қабылданады.

46. Ақылы оқуға ағымдағы жылғы ҰБТ-дан өткен, жалпы орта білім беру ұйымын бітірушілер, тестілеу нәтижелері бойынша 50, ал «Жалпы медицина» мамандығы бойынша кемінде 55 балл келесі пәндерден: қазақ немесе орыс тілінен (оқу тілі), Қазақстан тарихы, математика және таңдау пәнінен, оның ішінде, бейіндік пәннен 7 балдан кем емес (әрбір шығармашылық емтиханнан 10 балдан кем емес), ал қалған пәндерден ең төмені 4 балдан жинаған кешенді тестілеуге қатысушылар қабылданады.

Оқуға қабылдау мамандықтар бойынша және тілдік бөлімдерге жеке жүргізіледі.

Шығармашылық емтихандар белгіленген мамандықтарға қабылдау осы емтихандар бойынша алынған балдары есепке алына отырып жүргізіледі.

Ескерту. 46-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2008.04.18 N 213 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан



қараңыз), 2008.06.18 N 359 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз), 2010.01.21 N 14 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) Бұйрықтарымен.

46-1. Ұшқыштарды даярлайтын жоғары оқу орнына түсетін тұлғалар үшін дәрігерлік-ұшқыштық сараптау комиссиясының ұшқыштарды даярлау жөніндегі жоғары оқу орнына оқуына жарамдылығына медициналық қорытындыны бере отырып медициналық куәландыруы міндетті.

Ескерту. 46-1-тармақпен толықтырылды - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011.05.30 № 222 (алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

46-2. Ұлттық бірыңғай тестілеу немесе кешенді тестілеу кезінде тапсырған пәндердің біреуінен 4-балдан төмен балл алған жағдайда, талапкерлер ақылы бөлімге қабылданбайды және білім беру грантын тағайындау конкурсына қатысуға рұқсат берілмейді.

Ескерту. 46-2-тармақпен толықтырылды - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011.05.30 № 222 (алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

46-3. Егер, азамат екінші дәрежелі банктермен берілетін білім беру несиесін ресімдесе, ол құжаттарының сол банкте қарастырылып жатқандығы туралы тиісті анықтаманы ЖОО-ға ұсынған жағдайда оқу орнының студенттері қатарына қабылданады.

Осы ретте оған банк білім беру кредитін ресімдеу кезеңінде білім беру қызметін көрсету шартында белгіленген және азаматты оқуға қабылдауға дейінгі төлеуге жататын соманы төлеу мерзімін ұзартуды ұсынады. Бірақ ол банктен анықтама алған сәттен бастап 4 аптаға жарамды.

Ескерту. 46-3-тармақпен толықтырылды - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011.05.30 № 222 (алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

47. 6-тармақта көрсетілген мемлекеттік органдарға ведомстволық бағынысты жоғары оқу орындарына студент қатарына қабылдауды талапкерлердің медициналық, тәндік және психофизиологиялық көрсеткіштерін ескере отырып осы жоғары оқу орнының мандат комиссиясының сертификат балдарына сәйкес қабылдаған шешімімен жүргізіледі.

48. Меншік нысанына қарамастан жоғары оқу орындары білім беру саласындағы уәкілетті органға белгіленген нысанда және белгіленген мерзімде ақпаратты ұсынады, қабылдау өткізгеннен кейін 10 күннің ішінде қабылдауды ұйымдастыру мен өткізу жөніндегі қорытынды есепті, студенттерді қабылдау туралы бұйрықтың көшірмесін, сондай-ақ одан бас тартқан білім беру гранты иегерлері куәліктерінің түпнұсқасын және жоғары оқу орнына келмеген тұлғалардың мәліметтерін (А.Т.Ә, мамандығы) береді.

49. Осы Үлгі ережеде регламенттелмеген мәселелерді ЖОО-ның қабылдау комиссиялары дербес түрде шешеді.

Білім және ғылым министрінің  
2007 жылғы 19 желтоқсандағы  
N 638 бұйрығымен бекітілген  
Жоғары білім берудің кәсіптік  
оқу бағдарламаларын іске  
асыратын білім беру ұйымдарына  
оқуға қабылдаудың үлгі ережесіне

1-қосымша

### Күштік және өзге құрылымдарға ведомстволық бағынысты жоғары оқу орындарының тізбесі

Ескерту. 1-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Білім және Ғылым министрінің 2009.06.05 N 271 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

N	Жоғары оқу орнының атауы	Орналасқан жері
1.	Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің академиясы	Алматы қ.
2.	Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қарағанды заң институты	Қарағанды қ.
3.	Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің Академиясы	Қостанай қ.
4.	Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Құрлықтағы әскерлердің әскери институты	Алматы қ.
5.	Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің "Кеңес Одағының екі мәрте батыры Т. Я. Бегелдинов атындағы" Әуе қорғаныс күштерінің әскери институты	Ақтөбе қ.
6.	Қазақстан Республикасы Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі агенттігінің Қаржы полициясы академиясы	Ақмола облысы
7.	Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі министрлігі Көкшетау техникалық институты	Көкшетау қ.
8.	Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Әскери институты	Алматы қ.
9.	Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Ішкі әскерлердің Әскери институты	Петропавл қ.
10.	(алынып тасталды - ҚР Білім және Ғылым министрінің 2009.06.05 N 271 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен)	
11.	Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Ұлттық қорғаныс университеті	Көкшетау қ.

12.	Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Академиясы	Алматы қ.
13.	Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Әскери институты	Алматы қ.
14.	Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Радиоэлектроника мен байланыс әскери-инженерлік институты	Алматы қ.

Жоғары білім берудің кәсіптік

оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік ережелеріне 2-қосымша

**Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2010.01.21 N 14 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) Бұйрығымен.**

**Ауылдық білім беру ұйымдарын бітірген азаматтар үшін арналған Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарына қабылдау квотасының жоғары арнайы білім және бакалавриат мамандықтарының тізбесі**

Код	Мамандықтар топтары мен мамандықтар атауы
	<b>Бакалавриат мамандықтары</b>
<b>1. Білім</b>	
5B010100	Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу
5B010200	Бастауышта оқытудың педагогикасы мен әдістемесі
5B010300	Педагогика және психология
5B010400	Бастапқы әскери дайындық
5B010500	Дефектология
5B010600	Музыкалық білім
5B010700	Бейнелеу өнері және сызу
5B010800	Денешынықтыру және спорт
5B010900	Математика
5B011000	Физика
5B011100	Информатика
5B011200	Химия
5B011300	Биология
5B011400	Тарих
5B011500	Құқық және экономика негіздері
5B011600	География
5B011700	Қазақ тілі мен әдебиеті
5B011800	Орыс тілі мен әдебиеті
5B011900	Шетел тілі: екі шетел тілі
5B012000	Кәсіптік оқыту

5B012100	Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті
5B012200	Орыс тілінде оқытпайтын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті
5B012300	Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану
<b>2. Гуманитарлық ғылымдар</b>	
5B020300	Тарих
5B020400	Мәдениеттану
5B020600	Дінтану
5B020800	Археология және этнология
<b>3. Өнер</b>	
5B040400	Дәстүрлі музыка өнері
5B041900	Мұражай ісі және ескерткіштерді қорғау
<b>4. Әлеуметтік ғылымдар және бизнес</b>	
5B050400	Журналистика
5B050500	Аймақтану
5B050600	Экономика
5B050700	Менеджмент
5B050800	Есеп және аудит
5B051000	Мемлекеттік және жергілікті басқару
5B051100	Маркетинг
5B051200	Статистика
5B051500	Мұрағаттану, құжаттар жүргізу және құжаттамалық қамтамасыз ету
5B051900	Еңбекті ұйымдастыру және нормалау
<b>5. Жаратылыстану ғылымдары</b>	
5B060100	Математика
5B060200	Информатика
5B060400	Физика
5B060600	Химия
5B060700	Биология
5B060800	Экология
5B060900	География
5B061000	Гидрология
5B061200	Метеорология
<b>6. Техникалық ғылымдар және технологиялар</b>	
5B070100	Биотехнология
5B070300	Ақпараттық жүйелер
5B070600	Геология және пайдалы қазбалар кен орнын барлау
5B070800	Мұнай газ ісі
5B071100	Геодезия және картография

5B071300	Көлік, көліктік техника және технологиялар
5B071500	Теңіз техникасы мен технологиялар
5B071700	Жылу энергетикасы
5B071800	Электр энергетикасы
5B071900	Радиотехника, электроника және телекоммуникациялар
5B072400	Технологиялық машиналар және жабдықтар (сала бойынша)
5B072500	Ағаш өңдеу және ағаштан бұйымдар жасау технологиясы (қолданылу саласы бойынша)
5B072600	Жеңіл өнеркәсіп бұйымдарының технологиясы және құрастырылуы
5B072700	Азық-түлік өнімдерінің технологиясы
5B072800	Қайта өңдеу өндірістерінің технологиясы (сала бойынша)
5B072900	Құрылыс
5B073100	Қоршаған ортаны қорғау және өмір тіршілігінің қауіпсіздігі
5B073200	Стандарттау, сертификаттау және метрология
5B073700	Пайдалы қазбаларды байыту
5B074500	Көлік құрылысы
<b>7. Ауылшаруашылық ғылымдары</b>	
5B080100	Агрономия
5B080200	Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы
5B080300	Аңшылықтану және аң шаруашылығы
5B080400	Балық шаруашылығы және өнеркәсіптік балық аулау
5B080500	Су ресурстары және суды пайдалану
5B080600	Аграрлық техника және технология
5B080700	Орман ресурстары және орман шаруашылығы
5B080800	Топырақтану және агрохимия
5B080900	Жеміс-көкөніс шаруашылығы
5B081000	Жерді мелиорациялау, баптау және қорғау
5B081100	Өсімдік қорғау және карантин
5B081200	Ауыл шаруашылығын энергиямен қамтамасыз ету
<b>8. Қызмет көрсету</b>	
5B090100	Көлікті пайдалану және жүк қозғалысы мен тасымалдауды ұйымдастыру
5B090300	Жерге орналастыру
5B090400	Әлеуметтік-мәдени қызмет көрсету
5B090500	Әлеуметтік жұмыс
5B090600	Мәдени-тынығу жұмысы
5B090900	Логистика (сала бойынша)
5B091000	Кітапхана ісі
5B091200	Мейрамхана ісі және мейманхана бизнесі
<b>9. Әскери іс және қауіпсіздік</b>	
5B100100	Өрт қауіпсіздігі
<b>10. Денсаулық сақтау және әлеуметтік</b>	

қамтамасыз ету ( медицина)	
5B110100	Мейірбикелік ісі
5B110200	Қоғамдық денсаулық сақтау
5B110300	Фармация
5B110400	Дәрігерлік емдеу ісі
<b>Жоғары арнайы білім мамандықтары</b>	
<b>1. Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету ( медицина)</b>	
5B130100	Жалпы медицина
5B130200	Стоматология
<b>2. Ветеринария</b>	
5B120100	Ветеринарлық медицина
5B120200	Ветеринарлық санитария

Жоғары білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік ережелеріне 3-қосымша

**Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2010.01.21 N 14 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) Бұйрығымен.**

### **ҰБТ және кешенді тестілеу жүргізілетін пәндер көрсетілген мамандықтар тізбесі**

Код	Мамандықтар топтары мен мамандықтар атауы	Таңдау бойынша пәндер	Бейіндік пән
<b>Бакалавриат мамандықтары</b>			
<b>1. Білім</b>			
5B010100	Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу	Биология	Математика
5B010200	Бастауышта оқытудың педагогикасы мен әдістемесі	Биология	Математика
5B010300	Педагогика және психология	Биология	Биология
5B010400	Бастапқы әскери дайындық	2-шығармашылық емтихан	1 - ш і шығармашылық емтихан
5B010500	Дефектология	Биология	Биология
5B010600	Музыкалық білім	2-шығармашылық емтихан	1 - ш і шығармашылық емтихан

5B010700	Бейнелеу өнері және сызу	2-шығармашылық емтихан	1 - ш і шығармашылық емтихан
5B010800	Денешынықтыру және спорт	2-шығармашылық емтихан	1 - ш і шығармашылық емтихан
5B010900	Математика	Физика	Математика
5B011000	Физика	Физика	Физика
5B011100	Информатика	Физика	Математика
5B011200	Химия	Химия	Химия
5B011300	Биология	Биология	Биология
5B011400	Тарих	Дүниежүзі тарихы	Дүниежүзі тарихы
5B011500	Құқық және экономика негіздері	Дүниежүзі тарихы	Дүниежүзі тарихы
5B011600	География	География	География
5B011700	Қазақ тілі мен әдебиеті	Қазақ әдебиеті	Қазақ тілі
5B011800	Орыс тілі мен әдебиеті	Орыс әдебиеті	Орыс тілі
5B011900	Шетел тілі: екі шетел тілі	Шет тілі	Шет тілі
5B012000	Кәсіптік оқыту	Физика	Математика
5B012100	Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті	Қазақ әдебиеті	Қазақ тілі
5B012200	Орыс тілінде оқытпайтын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті	Орыс әдебиеті	Орыс тілі
5B012300	Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану	Биология	Биология
<b>2. Гуманитарлық ғылымдар</b>			
5B020100	Философия	Дүниежүзі тарихы	Дүниежүзі тарихы
5B020200	Халықаралық қатынастыр	Шет тілі	Шет тілі
5B020300	Тарих	Дүниежүзі тарихы	Дүниежүзі тарихы
5B020400	Мәдениеттану	Дүниежүзі тарихы	Қазақстан тарихы
5B020500	Филология	Әдебиет	Ана тілі
5B020600	Дінтану	Дүниежүзі тарихы	Дүниежүзі тарихы
5B020700	Аударма ісі	Шет тілі	Шет тілі
5B020800	Археология және этнология	Дүниежүзі тарихы	Қазақстан тарихы
5B020900	Шығыстану	Шет тілі	Шет тілі
5B021000	Шетел филологиясы	Шет тілі	Шет тілі
5B021100	Теология	Дүниежүзі тарихы	Қазақстан тарихы
5B021200	Тюркология	Шет тілі	Ана тілі
<b>3. Құқық</b>			
5B030100	Құқықтану	Дүниежүзі тарихы	Дүниежүзі тарихы
5B030200	Халықаралық құқық	Шет тілі	Шет тілі
5B030300	Құқық қорғау қызметі	Дүниежүзі тарихы	Дүниежүзі тарихы
5B030400	Кеден ісі	Дүниежүзі тарихы	Дүниежүзі тарихы
<b>4. Өнер</b>			

5B040100	Музыкатану	2-шығармашылық емтихан	1 - ш і шығармашылық емтихан
5B040200	Аспаптық орындаушылық	2-шығармашылық емтихан	1 - ш і шығармашылық емтихан
5B040300	Вокалдық өнер	2-шығармашылық емтихан	1 - ш і шығармашылық емтихан
5B040400	Дәстүрлі музыка өнері	2-шығармашылық емтихан	1 - ш і шығармашылық емтихан
5B040500	Дирижерлеу	2-шығармашылық емтихан	1 - ш і шығармашылық емтихан
5B040600	Режиссура	2-шығармашылық емтихан	1 - ш і шығармашылық емтихан
5B040700	Актерлік өнер	2-шығармашылық емтихан	1 - ш і шығармашылық емтихан
5B040800	Эстрада өнері	2-шығармашылық емтихан	1 - ш і шығармашылық емтихан
5B040900	Хореография	2-шығармашылық емтихан	1 - ш і шығармашылық емтихан
5B041000	Сценография	2-шығармашылық емтихан	1 - ш і шығармашылық емтихан
5B041100	Композиция	2-шығармашылық емтихан	1 - ш і шығармашылық емтихан
5B041200	Операторлық өнер	2-шығармашылық емтихан	1 - ш і шығармашылық емтихан
5B041300	Кескіндеме	2-шығармашылық емтихан	1 - ш і шығармашылық емтихан
5B041400	Графика	2-шығармашылық емтихан	1 - ш і шығармашылық емтихан
5B041500	Мүсін	2-шығармашылық емтихан	1 - ш і шығармашылық емтихан
5B041600	Өнертану	2-шығармашылық емтихан	1 - ш і шығармашылық емтихан



5B041700	Сән өнері	2-шығармашылық емтихан	1 - ш і шығармашылық емтихан
5B041900	Мұражай ісі және ескерткіштерді қорғау	Дүниежүзі тарихы	Қазақстан тарихы
5B042000	Сәулет	2-шығармашылық емтихан	1 - ш і шығармашылық емтихан
5B042100	Дизайн	2-шығармашылық емтихан	1 - ш і шығармашылық емтихан
5B042200	Баспа ісі	Әдебиет	Әдебиет
5B042300	Арт-менеджмент	2-шығармашылық емтихан	1 - ш і шығармашылық емтихан
<b>5. Әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес</b>			
5B050100	Әлеуметтану	Дүниежүзі тарихы	Қазақстан тарихы
5B050200	Саясаттану	Дүниежүзі тарихы	Қазақстан тарихы
5B050300	Психология	Биология	Биология
5B050400	Журналистика	2-шығармашылық емтихан	1 - ш і шығармашылық емтихан
5B050500	Аймақтану	Шет тілі	Шет тілі
5B050600	Экономика	География	Математика
5B050700	Менеджмент	География	Математика
5B050800	Есеп және аудит	География	Математика
5B050900	Қаржы	География	Математика
5B051000	Мемлекеттік және жергілікті басқару	География	Математика
5B051100	Маркетинг	География	Математика
5B051200	Статистика	География	Математика
5B051300	Әлемдік экономика	География	Математика
5B051400	Қоғамдық байланыс	География	География
5B051500	Мұрағаттану, құжаттар жүргізу және құжаттамалық қамтамасыз ету	Дүниежүзі тарихы	Қазақстан тарихы
5B051900	Еңбекті ұйымдастыру және нормалау	География	Математика
<b>6. Жаратылыстану ғылымдары</b>			
5B060100	Математика	Физика	Математика
5B060200	Информатика	Физика	Математика
5B060300	Механика	Физика	Математика
5B060400	Физика	Физика	Физика
5B060500	Ядролық физика	Физика	Физика
5B060600	Химия	Химия	Химия

5B060700	Биология	Биология	Биология
5B060800	Экология	Биология	Биология
5B060900	География	География	География
5B061000	Гидрология	География	Математика
5B061100	Астрономия	Физика	Физика
5B061200	Метеорология	География	Математика
<b>7. Техникалық ғылымдар және технологиялар</b>			
5B070100	Биотехнология	Биология	Биология
5B070200	Автоматтандыру және басқару	Физика	Математика
5B070300	Ақпараттық жүйелер	Физика	Математика
5B070400	Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету	Физика	Математика
5B070500	Математикалық және компьютерлік модельдеу	Физика	Математика
5B070600	Геология және пайдалы қазбалар кен орнын барлау	Физика	Математика
5B070700	Тау-кен ісі	Физика	Математика
5B070800	Мұнай газ ісі	Физика	Математика
5B070900	Металлургия	Физика	Математика
5B071000	Материал тану және жаңа материалдар технологиясы	Физика	Физика
5B071100	Геодезия және картография	География	Математика
5B071200	Машина жасау	Физика	Математика
5B071300	Көлік, көліктік техника және технологиялар	Физика	Математика
5B071400	Авиациялық техника және технологиялар	Физика	Физика
5B071500	Теңіз техникасы мен технологиялар	Физика	Математика
5B071600	Аспап жасау	Физика	Математика
5B071700	Жылу энергетикасы	Физика	Математика
5B071800	Электр энергетикасы	Физика	Математика
5B071900	Радиотехника, электроника және телекоммуникациялар	Физика	Математика
5B072000	Бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы	Химия	Химия
5B072100	Органикалық заттардың химиялық технологиясы	Химия	Химия
5B072200	Полиграфия	Физика	Физика
5B072300	Техникалық физика	Физика	Физика
5B072400	Технологиялық машиналар және жабдықтар (сала бойынша)	Физика	Физика
5B072500	Ағаш өңдеу және ағаштан бұйымдар жасау технологиясы (қолданылу саласы бойынша)	Физика	Математика

5B072600	Жеңіл өнеркәсіп бұйымдарының технологиясы және құрастырылуы	Физика	Физика
5B072700	Азық-түлік өнімдерінің технологиясы	Химия	Химия
5B072800	Қайта өңдеу өндірістерінің технологиясы (сала бойынша)	Химия	Химия
5B072900	Құрылыс	Физика	Математика
5B073000	Құрылыс материалдарын, бұйымдарын және құрастырылымдарын өндіру	Физика	Математика
5B073100	Қоршаған ортаны қорғау және өмір тіршілігінің қауіпсіздігі	Физика	Математика
5B073200	Стандарттау, сертификаттау және метрология	Физика	Математика
5B073300	Тоқыма материалдарының технологиясы және жобалануы	Физика	Математика
5B073700	Пайдалы қазбаларды байыту	Химия	Химия
5B073800	Материалдарды қысыммен өңдеу технологиясы	Физика	Математика
5B074300	Ұшатын аппараттар мен қозғалтқыштарды ұшуда пайдалану	Физика	Математика
5B074500	Көлік құрылысы	Физика	Математика
5B074600	Ғарыш техникасы және технологиялары	Физика	Физика
5B074800	Фармацевтикалық өндіріс технологиясы	Химия	Химия
<b>8</b>			
<b>Ауылшаруашылық ғылымдары</b>			
5B080100	Агрономия	Биология	Биология
5B080200	Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы	Биология	Биология
5B080300	Аңшылықтану және аң шаруашылығы	Биология	Биология
5B080400	Балық шаруашылығы және өнеркәсіптік балық аулау	Биология	Биология
5B080500	Су ресурстары және суды пайдалану	География	География
5B080600	Аграрлық техника және технология	Физика	Физика
5B080700	Орман ресурстары және орман шаруашылығы	География	География
5B080800	Топырақтану және агрохимия	Биология	Биология
5B080900	Жеміс-көкөніс шаруашылығы	Биология	Биология
5B081000	Жерді мелиорациялау, баптау және қорғау	Биология	Математика
5B081100	Өсімдік қорғау және карантин	Биология	Биология
5B081200	Ауыл шаруашылығын энергиямен қамтамасыз ету	Физика	Физика
<b>9. Қызмет көрсету</b>			
5B090100	Көлікті пайдалану және жүк қозғалысы мен тасымалдауды ұйымдастыру	Физика	Математика
5B090200	Туризм	География	География

5B090300	Жерге орналастыру	География	Математика
5B090400	Әлеуметтік-мәдени қызмет көрсету	География	География
5B090500	Әлеуметтік жұмыс	География	География
5B090600	Мәдени-тынығу жұмысы	2-шығармашылық емтихан	1 - ш і шығармашылық емтихан
5B090700	Кадастр	География	География
5B090800	Бағалау	География	Математика
5B090900	Логистика (сала бойынша)	География	Математика
5B091000	Кітапхана ісі	Әдебиет	Әдебиет
5B091200	Мейрамхана ісі және мейманхана бизнесі	География	География
<b>10. Әскери іс және қауіпсіздік</b>			
5B100100	Өрт қауіпсіздігі	Физика	Математика
5B100200	Ақпараттық қауіпсіздік жүйелері	Физика	Математика
<b>11. Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету ( медицина)</b>			
5B110100	Мейірбикелік ісі	Биология	Биология
5B110200	Қоғамдық денсаулық сақтау	Биология	Биология
5B110300	Фармация	Химия	Химия
5B110400	Дәрігерлік емдеу ісі	Биология	Биология
<b>12. Ветеринария</b>			
5B120100	Ветеринарлық медицина	Биология	Биология
5B120200	Ветеринарлық санитария	Биология	Биология
<b>Жоғары арнайы білім мамандықтары</b>			
<b>1. Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету ( медицина)</b>			
5B130100	Жалпы медицина	Биология	Биология
5B130200	Стоматология	Биология	Биология

Жоғары білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік ережесіне

4-қосымша

**Ескерту. 4-қосымшамен толықтырылды - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011.05.30 № 222 (алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.**

**Аудиторияда тәртіп ережелерін бұзған талапкерлерді аудиториядан шығару және тыйым салынған заттың тәркіленуі туралы акті**

\_\_\_\_\_ (Базалық ЖОО атауы)

«\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж. \_\_\_\_\_ сағ. \_\_\_\_\_ мин.

Министрлік өкілі \_\_\_\_\_  
(аты-жөні)

Аудитория кезекшісі \_\_\_\_\_  
(аты-жөні)

Талапкерден: Аты-жөні \_\_\_\_\_

ТЖК \_\_\_\_\_, аудитория № \_\_\_\_\_, орын № \_\_\_\_\_, нұсқа № \_\_\_\_\_

Жоғары білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру Ұйымдарына оқуға қабылдауын үлгілік ережесінің 22-1 және 22-2 тармағының бұзылғандығын дәлелдейтін төмендегі заттар табылды:

\_\_\_\_\_ (ұялы телефонның маркасы, саны және мәліметтері бар шпаргалка және т.б.)

Осы фактіні есепке алып қаулы етілді:

Е м т и х а н \_\_\_\_\_ м а т е р и а л д а р ы н \_\_\_\_\_ а л у ;

Бітірушіні: Аты-жөні \_\_\_\_\_,

ТЖК \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ аудиториядан шығару және емтихан материалдарын жою.

\_\_\_\_\_ (осы актіні құрған тұлғалардың аты-жөні және қолдары)

Актімен таныстым: \_\_\_\_\_  
(бітірушінің аты-жөні, қолы)

Актімен таныстым: \_\_\_\_\_  
(Базалық ЖОО-ның жауапты хатшысының аты-жөні, қолы)

М . . . . .  
( Б а з а л ы қ \_\_\_\_\_ Ж О О \_\_\_\_\_ м ө р і )

Мерзімі: \_\_\_\_\_

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Б і л і м ж әне ғ ы л ы м м и н и с т р і н і ң

2 0 0 7 ж ыл ғы 1 9 ж е л т о қ с а н д а ғы

№ 638 бұйрығымен бекітілген

**Күші жойылды деп танылған нормативтік құқықтық актілер тізбесі**

1) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2000 жылғы 25 наурыздағы N 247 "Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарына қабылдаудың үлгі ережелерін бекіту туралы", Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1118 тіркелген, Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және басқа да мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілері 2000 жылғы N 6 бюллетенінде жарияланған бұйрығының;

2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2001 жылғы 18 мамырдағы N 366 "Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарына қабылдаудың үлгі ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2000 жылғы 25 наурыздағы N 247 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы", нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1514 тіркелген бұйрығының;

3) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2002 жылғы 17 мамырдағы N 394 "Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарына қабылдаудың үлгі ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2000 жылғы 25 наурыздағы N 247 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы", нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1859 тіркелген, Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және басқа да мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілері 2002 жылғы N 30 бюллетенінде жарияланған бұйрығының;

4) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі міндетін атқарушысының 2003 жылғы 22 ақпандағы N 116-1 "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде N 1118 тіркелген Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарына қабылдаудың үлгі ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2000 жылғы 25 наурыздағы N 247 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы", нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2211 тіркелген бұйрығының;

5) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2004 жылғы 23 наурыздағы N 241 "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде N 1118 тіркелген Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарына қабылдаудың үлгі ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2000 жылғы 25 наурыздағы N 247 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы", нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2808 тіркелген бұйрығының;

6) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2005 жылғы 11 наурыздағы N 149 "Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарына қабылдаудың үлгі ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2000 жылғы 25 наурыздағы N 247 бұйрығына

өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы", Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3559 тіркелген, 2005 жылғы 22 қыркүйектегі N 174» "Юридическая газета" газетінде жарияланған б ұ й р ы ғ ы н ы ң ;

7) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2005 жылғы 7 маусымдағы N 353 "Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарына қабылдаудың үлгі ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2000 жылғы 25 наурыздағы N 247 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы", нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3681 тіркелген, Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және басқа да мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілері 2005 жылғы қыркүйек N 18 бюллетенінде жарияланған б ұ й р ы ғ ы н ы ң ;

8) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2006 жылғы 1 наурыздағы N 95» "Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарына қабылдаудың үлгі ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2000 жылғы 25 наурыздағы N 247 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы", нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4133 тіркелген, 2006 жылғы 16 маусымдағы«" Юридическая газета" газеті N 109-110 жарияланған бұйрығының;

9) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 2 сәуірдегі N 150» "Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарына қабылдаудың үлгі ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2000 жылғы 25 наурыздағы N 247 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы", нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4638 тіркелген, 2007 жылғы 15 маусымдағы» "Юридическая газета" газеті N 90 жарияланған бұйрығының күші жойылды деп танылсын.